

**«8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Әбубәкірова Арайлым Есімханқызының «Дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигма» атты
диссертациясына жазылған ресми рецензенттің**

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарының ішінен «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – «7.2 Гуманитарлық ғылымдар» саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламалар аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан	1) Диссертация «8D02202 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура білім беру бағдарламасы аясында әзірленген. Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын гранттық немесе бағдарламалы-нысаналы жоба аясында орындалмаған. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарламалар аясында орындалмаған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» саласындағы зерттеулер	

		<p>Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>басымдығына сәйкес келеді.</p>
<p>2.</p>	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> / қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс пәнаралық зерттеу ретінде дінтану мен лингвистикаға жаңашылдығымен елеулі үлес қоса алады. Себебі зерттеу жұмысы діни дискурсты лингвистикалық парадигмалар шеңберінде кешенді зерттеуге арналған. Жұмыстың ғылыми және қолданбалы маңыздылығы уағыз-насихатты, цифрлық кеңістіктегі діни дискурсты, көпконфессиялы қоғамдағы діни жағдайды талдау шеңберінде дәйектеледі. Сол себепті зерттеу жұмысының ұсынып отырған нәтижелері отандық дінтану, лингвистика салаларына елеулі үлесін қосады, ал оның ғылымдағы маңыздылығы ашылған.</p>
<p>3.</p>	<p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі жоғары. Ізденушінің жазу стилі, қолданған әдіс-тәсілдері, тұжырымдар жасау әлеуеті бұл жұмысты толығымен өзі жазғанын көрсетеді. Диссертация тақырыбы бойынша жазылған әрі жарияланған мақалалар мен диссертацияның толық мәтіні бірізді, тараулар, тақырыптар арасында логикалық байланысы бар, жүйелі, нақты тұжырымдарға негізделген.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертация өзекті тақырыпқа құрылған. Оның өзектілігі сенімді дереккөздер, нақты дәйектермен толыққанды сипатталған және ғылымның қазіргі даму деңгейі мен қоғам сұранысына, заман талабына сәйкес негізделген.</p> <p>Диссертация мазмұны «Дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигма» атты тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы «Діни дискурс және лингвистикалық парадигма: құрылымы, қызметтері және конститутивті сипаттары», «Дінді зерттеудегі дискурсивті-лингвистикалық ұстанымдар», «Дінді дискурсивті зерттеуді лингвистикалық парадигма негізінде талдау» атты үш тараудан құралған. Әр тарау тақырып мазмұнын толықтырып, бір-бірімен логикалық және ғылыми байланыс құрған кешенді зерттеуді құрайды және тақырыпты толық айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Мақсаты – діни дискурс ерекшеліктерін дискурсивті лингвистика аспектісінде талдау, жүйелеу, айқындау. Мақсат пен қойылған міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес және алынған нәтижелер мақсат пен міндеттердің толық орындалғанын көрсетеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 	<p>Диссертациялық жұмыс 3 тараудан, 9 тараушадан құралған: бірінші тарауда ізденуші діни дискурсты «тіл феномені» ретінде сипаттай отырып, тіл білімінің ғылыми парадигмаларын діни мәтіндерді дискурсивті зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі</p>

<p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>тұрғысынан қолданады, сондай-ақ «дін» ұғымын дискурсивті құрылым сипатында қарастырудың алғышарттарын айқындайды; екінші тарауда ізденуші дін мен тіл қарым-қатынасының негізгі тарихи кезеңдерін, ондағы басты үрдістерге шолу жасап, дискурстық талдаудың әдіснамасын құруға талпыныс жасайды және діни дискурста пайдаланылатын лингвистикалық әдістерді сипаттайды; үшінші тарауда діни дискурстың негізгі практикалық көрінісі ретіндегі уағыз-насихатқа, оның ішінде ірі конфессияларға жататын ислам, православиелік, Ехоба куәгерлерінің діни мәтіндеріне және цифрлы кеңістіктегі діни дискурс мәтіндері – Islam.kz порталында жарияланған мақалаларға дискурсивті талдау жүргізілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы діни жағдайға да дискурсивті талдау жасалып, соның негізінде ұсыныстар қалыптастырылған. Діни дискурстағы бейвербалды, просодиялық құралдардың маңыздылығына да шолу жасалған. Диссертацияның барлық бөлімі мен жалпы құрылымы ЛОГИКАЛЫҚ ТОЛЫҚ БАЙЛАНЫСҚАН.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа 	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар жеткілікті деңгейде дәйектелген, осы салада жүргізілген зерттеулермен салыстырыла талданған. Нәтижесінде тақырып бойынша өзіндік көзқарас қалыптастыра алған. Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны діни дискурс аспектісінде талданып, бұған дейін назардан тыс қалған мәселелер анықталған және нақты көрсетілген. Сондықтан зерттеу</p>

		<p>авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>жұмысында сыни талдау бар.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>		<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелері толығымен жаңа деп бағалауға болады. Атап айтқанда: – отандық теоллингвистикада дінді дискурсивті зерттеудің концепциясы ұсынылған; – цифрлық кеңістіктегі діни дискурстың лингвистикалық сипаттамасы жасалған; – Қазақстан Республикасы үлгісіндегі аймақтық діни коммуникацияның кешенді дискурсивті талдауы жүзеге асырылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста жасалған қорытынды тұжырымдар толығымен жаңа. Зерттеу барысында қазақстандық дінтану үшін жаңа дискурсивті зерттеу ұғымы қолданылып, дінтану зерттеулерін жүргізудегі лингвистикалық парадигманың маңыздылығы мен әлеуеті көрсетілген.</p> <p>Диссертация әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс өз саласында толығымен жаңа әрі негізделген. Себебі диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар, жалпы эмпирикалық база, дін саласындағы уәкілетті органдар қызметінде, діни сауаттандыру, діни сараптама жасау жұмыстарында ақпараттық, нұсқаулық материал, дінтану саласында даярланатын оқу құралдары мен</p>

			оқулықтарға қажетті мәліметтер базасы ретінде пайдаланылады. Сондай-ақ дінтану, теоллингвистикалық зерттеулер жүргізуде ғылыми негіз бола алады. Көрсетілген негіздемелер жұмыстың қолданбалы маңызын дәйектейді және бұл тармақ бойынша ішінара жаңа деп баға беруге болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген / негізделмеген (<i>qualitative research</i> және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның әр тарауы мен тараушасында қорытындылар жасалған. Практикалық үдерістерге арналған үшінші тараудың ішкі тараушасындағы талдаулар негізінде ауқымды, тәжірибелік маңызы бар ғылыми тұжырымдар берілген. Бұл қорытындылардың барлығы жеткілікті ғылыми және эмпирикалық дереккөздермен дәйектелген, негізделген .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру</p>	<p>7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр ереже дәлелденді.</p> <p>7.2 Жоқ. Әр ереже тривиалды емес. Диссертант әр ережені жеткілікті талдау жасай отырып ұсынған.</p> <p>7.3 Иә. Дискурс талдау, қандай да бір қоғамда бар оқиғаны дискурс ретінде түсініп, оны зерделеу, талқылау, сипаттау секілді түсініктерді дискурс деп атау ғылыми айналымда бар болғанымен, дінді дискурсивті тұрғыда зерттеу, оны дискурсивті құрылым ретінде түсіндіру, әрі бұл үдерістердің барлығын лингвистикалық парадигма аясында жүзеге асыру – жаңа, пәнаралық, іргелі ғылыми қадам. Дінді дискурсивті тұрғыда зерттеудегі дискурсивті лингвистикалық парадигманың қолданысын тәжірибелік тұрғыда дәлелдеу де жұмыстың маңызы</p>

		<p>мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>мен өзектілігін, жаңашылдығын айқын көрсетеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертация ұсынған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер дінтану, исламтану, философия секілді гуманитарлық ғылым салаларында теориялық құрал ретінде, дін саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдар қызметінде, діни сараптама жүргізу, діни алауыздықтың алдын алу, діни сауаттандыру шараларын ұйымдастыру, жүргізу барысында, әрі дінтану, исламтану, философия бағыттары бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлерінде білім алушылардың осы бағыттағы білімін қалыптастыруда құнды қолданбалы материал ретінде пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Иә. Диссертацияда көрсетілген ережелер талапқа сәйкес ғылыми мақалалар мазмұнында толығымен дәлелдей алған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану</p>	<p>Иә, негізделген және нақты жазылған. Диссертацияның артықшылығы пәнаралық жұмыс болуында. Сондықтан дінтануға және лингвистикаға тән әдістер қолданылған. Ізденушінің дұрыс әдіс таңдауы маңызды тұжырымдар жасауға негіз болған. Қолданылған әдістер мен тәсілдер толығымен сипатталып, маңыздылығы көрсетілген.</p> <p>Жоқ. Диссертациялық жұмыстың барысы мен нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдануды қажет етпейді. Дінтану мен лингвистика салаларындағы</p>

<p>арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>ғылыми зерттеу жүргізудің, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдері қолданылған.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертацияда ізденушінің теориялық және тәжірибелік тұжырымдары мен ұсыныстарының расталуы үшінші бөлімде жүзеге асырылған. Диссертациялық жұмыста дінді дискурсивті зерттеу лингвистикалық парадигма аясында жүргізу жүзеге асырылған. Ғылыми қорытындылар, анықтамалар, тәжірибелік қолданысы өзара байланысты екендігі зерттеу нәтижесінде дәлелденген.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертацияда талқыланған әр мәселе бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың маңызды зерттеулерінен сілтеме алынған және ол ғылыми талаптарға сәйкес берілген. Маңызды мәліметтер нақты әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /</p>	<p>Жұмыста 160 ғылыми әдебиетке сілтеме берілген. Барлық еңбек диссертацияда көтерілген мәселелер талданатын зерттеу жұмыстарына қатысты. Ізденуші</p>

		жеткіліксіз.	тақырыптың зерттелу деңгейіне толық шолу жасай отырып, отандық және шетелдік зерттеушілердің (қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі) еңбектерінен сілтеме алған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деп бағаланады.
9. Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) бар; 2) жоқ.	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар . Жұмыстың теориялық маңызы дінтану саласындағы әдістемелік базаны лингвистикалық және дискурстық талдау әдістерімен толықтыруында және жаңа тұжырымдар ұсынуында көрінеді. Ізденуші тіл мен дін қарым-қатынасына қатысты да ғылыми тұжырымдар жасайды. Иә. Алынған нәтижелер дискурсивті зерттеулер жүргізу және дінтану зерттеулерінде лингвистикалық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарын көрсетеді және негіздейді. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін Қазақстандағы діни ахуалға сараптама жасауда, діни экстремизмнің алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеуге және дінтану пәндерін оқытуда пайдалануға болады.
9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Уағыз-насихатты талдауда лингвистикалық әдістерді қолдануы, оның уағыз мәтінін түсінудің жаңа қырларын ашудағы рөлі, діни-ақпараттық порталда жарияланған мақалаларға дискурсивті талдау жүргізу арқылы мемлекет пен белгілі бір конфессияның және мақала авторының көзқарастарына баға беруі, аймақтық зерттеу негізінде жасалған ұсыныстар, әсіресе дінтану саласын дамыту мен Ислам дінінің қоғамға ықпал ету мүмкіндіктерін толыққанды пайдалануға қатысты тұжырымдар диссертация жаңашылдығын көрсетеді.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденуші тараулар, тараушалар арасында логикалық байланыс пен жүйелілікті сақтай отырып, жалпы жұмыстың жазылуы мен құрылымын дұрыс қалыптастырған, академиялық жазу сапасы жоғары екенін көрсеткен.
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияның орындалу деңгейі мен ұсынылған тұжырымдардың маңыздылығын атап өту керек. Бұл жұмыстың жаңа ғылыми талдаулар мен тұжырымдарға жол ашатынын көрсетеді. Десек те, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды көрсетеуге болады:</p> <p>1. <i>Болашақта діни дискурстың қазақстандық контекстегі заманауи тілдік трансформациясын талдауға көбірек назар аудару ұсынылады;</i></p> <p>2. <i>Зерттеу жұмысындағы орфографиялық, пунктуациялық қателерге, лингвистикалық терминдердің бірізділігі мен орынды қолданысын жүзеге асыруға назар аудару керек.</i></p> <p>Ескертулер мен ұсыныстар жұмыстың ғылыми құндылығы мен мазмұнына нұқсан келтірмейді. Бұл – ғылыми жұмыстың сапасын арттыра түсу мақсатында жасалған ұсыныстар.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер		Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 17 ғылыми мақала түрінде жарияланған. Оның ішінде Скопус (Scopus) базасында 1 мақала, ҚР ҒЖБССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала, халықаралық және отандық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында 7 мақала, отандық және шетелдік ғылыми журналдарда 6 мақала

	докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		жарияланған. Мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жан-жақты қамтылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Әбубәкірова Арайлым Есімханқызының «Дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигма» атты диссертациясы өзекті, пәнаралық, ғылыми және тәжірибелік маңызы зор, жаңашылдығы мен нәтижелері дәйекті, мақсат пен міндеттеріне сай орындалған және диссертация талаптарына сәйкес келеді. Осы айтылғандарды негізге алғанда, ізденуші Әбубәкірова Арайлым Есімханқызы «8D02202 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты,
Ахметтану бөлімінің меңгерушісі, PhD.



Ермұхамет МАРАЛБЕК
(аты-жөні)
қолын куәландырамын
«А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМҚК Персоналды басқару,
құжаттамамен қамтамасыз ету және
бақылау бөлімі
« » » 20 ж.